



Жалағаш

Жаршысы



№66 (9953)

22 тамыз

сейсенбі

2023 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан

бастап шығады.

Бәрекедді!

Ақерке – Азия чемпионы

Тамыздың екінші онкүндігінде Алтай бөктерінен ақжолтай хабар жетті. 4-12 тамыз аралығында өткен тоғызқұмалақтан Азия чемпионатында жерлесіміз Ақерке Кенжебекова топ жарып, тақым қысқан тұтас қазақ жұртының сенімін ақтады. Байрақты бәсекеге 9 мемлекеттен 200-ден астам спортшы қатысқан. Жалағаштың мақтанышы ой додасында қарсылас шақ келтірмеді. 6 тур бойынша өткен кездесулердің барлығында Ақеркенің асығы алшысынан түсті.

Иә, осы жолда оның қалай ізденгені айтпаса да белгілі, 200-ден астам спортшының ішінде оқ бойы озық болу үлкен ізденісті қажет ететіні тағы да анық. Бүгін осы жолда еңбек өткен Ақеркенің арқасында мемлекет мерейі үстем болды. Алайда бұл жетістікті тек өзінің еңбегімен ғана байланыстырып отырған ол жоқ. Керісінше бұл жеңісін елімізде, оның ішінде облыста, қалаберді Жалағаш ауданында спорт саласына жасалып жатқан қолдаудан байланыстырады.

– Бұл жеңісімді барша отандастарыма арнаймын, алдағы уақытта да ел мерейін үстем етуге бар қарым-қабілетімді, күш-жігерімді жұмсаймын. Себебі мемлекет осындай жетістікке жетуіме жағдай жасап отыр. «Наркескен» спорт клубының директоры Ғалымжан Ержанов ағамыз да қолынан келгенше қолдап келеді. Мені сол спорт клубқа жұмысқа қабылдаған да Ғалымжан ағамыз болатын. Қазіргі таңда онда тоғызқұмалақтан үйірме жетекшісі болып жұмыс жасаймын. Үйірме құрамында 20 бала бар. Олардың алды үлкен додаларда топ жарып жүр. Жастардан ел мерейін үстем ететін болашақ спортшыларды қалыптастыруға басшы-

мыз бар жағдайды жасап отыр. Біздің міндет – тек балалардан мықты спортшы шығару. Осы жолда еңбек етіп жатырмыз және оның нәтижесі де жаман емес, – дейді Ақерке қарындасымыз.

Алтай бөктеріндегі Азия чемпионатында спортшылар тоғызқұмалақтың классика, рапид және брицт түрі бойынша бақ сынады. Классикада 1,5 сағаттан 3 сағат берілсе, рапидте ойыншыларға 20 минуттан 40 минут уақыт қаралған. Ал брицтте олар 7 минуттан 14 минутта өзара мықтыны анықтаған. Бұл жарыста классика түрінде бақ сынаған қарақөз қарындасымыз Манголияның 2, Қырғызстанның 2, Түркияның 1 және өзіміздің тағы бір отандық спортшымен кездесу өткізіп, барлығында қарсыласынан басым болды.

Сәуір айында тоғызқұмалақтан ел біріншілігі өткен болатын. Бұл жарыста бірінші және екінші орын алған спортшылар Азия чемпионатына жолдама алады. Қазақстан чемпионатында әлемнің 11 дүркін чемпионы Әсел Далиеваға ғана есе жіберген Ақерке екінші болып осы додаға жолдама алған болатын. Бір қызығы, бұл жарыс әлгі отандасымызбен оны

қайта жолықтырды. Бірақ қарымта кездесуде ойын өрнегі басқаша арнада өрбіді. Яғни бұл жекпе-жекте жерлесіміз жеңіске жетті.

– Әсел Далиева – қыздар арасында тоғызқұмалақтан өліміздегі ең мықты спортшы, оны барлығы мойындайды. Бұған дейінгі ел біріншілігінде оған есе жібергенмін. Кешегі ойынымыз қарымта кездесу десем де болады. Бірақ бұл ойында мен жеңіске жеттім. Шыны керек, ең қауіпті қарсыласым сол болды. Оның себебін жоғарыда айттым. Бірақ үлкен жетістіктерге қол жеткізген спортшыны жеңуге мүмкіндік туды және оны құр жібергенім жоқ. Нәтижесін көріп отырсыздар, – дейді қарындасымыз.

Ақеркені спорттың бұл түріне қадам басқалы тоғызқұмалаққа машықтандырыған бапкері – Асхат Төлеміс. Білікті бапкердің қазірге дейін Ақеркеден басқа да шәкірттері үлкен додаларда топ жарғанын жақсы білеміз. Бүгінде ол ауданда өлі де ұлттық спортты ұлықтап, спортшылар дайындап жатыр.

– Ақерке бала кезінен тоғызқұмалаққа бейім болды. Айтқан ақылды тез қағып алады. Мұндай ойлау қабілеті жылдам адамнан



қандай спортшы шығатынын кешегі жарыстың қорытындысы нақты жауап. Ол бұған дейін Түркияда өткен әлем чемпионатында үздік үштікті түйіндеген болатын. Қазіргі таңда ол – халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Алдағы Руминияда өтетін әлем біріншілігінде де шәкіртіме сәттілік тілеймін. Оның бұл сайыста да жеңіс туғырынан көрінетініне сенемін, – дейді білікті бапкер Асхат Төлеміс.

Ақеркенің ұлттық спортпен шұғылданып жатқанына 14 жылдан асады. 8 жасында оның тоғызқұмалаққа қалай келгенінің өзі қызық. Көпшіліктің тәтесі Ақнұр Кенжебекова бұрыннан тоғызқұмалақтан

жарыстарға қатысып, жүлделі орындардан төбе көрсеткен. Тіпті үйірмедегі тоғызқұмалақты үйіне алып келіп, тағы да дайындалады екен. Тәтесімен ойнап үйренген қарындасымыздың бірте-бірте аталған спорт түріне қызығушылығы арта түседі. Осылайша ол жасөспірімдер арасында 8 жасында Қазақстан чемпионы болды. Кейін үлкен додаларда да оның қарсыласынан мерейі үстем болды.

31 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында Руминияда тоғызқұмалақтан әлемі біріншілігі өтеді. «Наркескен» спорт клубы жанындағы «Тоғызқұмалақ» үйірмесінің жетекшісі

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Ел жаңалықтары



Зейнетақы қаншаға өспек?

ҚР Қаржы министрлігі «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасын ұсынды. Аталған жобаға сәйкес, 2024 жылы қаңтардан бастап ең төменгі жалақы 70 000 теңгеге артады.

Айлық есептік көрсеткіш 3692, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 28 215, ең төменгі зейнетақы 57 853, базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөрсіс деңгейі 43 407 теңге болмақ. Сондай-ақ жасы және еңбек өтілі бойынша зейнетақы төлемдерін 9 пайызға арттыру көзделген. МӘМС төлеуге жататын міндетті медициналық сақтандыруға мемлекет журналдарының мөлшері мемлекеттік журналдарды есептеу объектісінің 1,9 пайызы болады.

Әскери қызметкерлерге шұғыл әскери қызметкерлерді қоспағанда және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық төлемдерді төлеуге арналған ақшалай өтемақы мөлшері өзгермейді және 3 739 теңге болады. Заң жобасы 4 қыркүйекке дейін «Ашық НҚА» сайтына жарияланған.

Жәрдемақы мәрзімі ұзартылды



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бала күтімі бойынша төлем ұзақтығы 1,5 жасқа дейін ұзартылды.

Үкіметтің баспасөз қызметі таратқан мәліметке сәйкес, 2023 жылы 1 тамыздағы жағдай бойынша республикалық бюджеттен 107,2 мың жұмыс істемейтін ата-ана 20,9 млрд теңге көлемінде жәрдемақы алған.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 439,6 мың ата-анаға 144,8 млрд теңге табысынан айырылу бойынша жәрдемақы төленген.

«ЖЖ» ақпарат

Егінжай – 2023

Бақша басындағы қызу еңбек

АПТА БАСЫНДА РЕДАКЦИЯ ҰЖЫМЫ ЖАҢАДАРИЯ АУЫЛЫНДАҒЫ ЕҢБЕСҮЙГІШ, БЕЙНЕТКЕШ АҒАЙЫННЫҢ ТІРЛІГІНЕН ХАБАРДАР БОЛЫП ҚАЙТТЫҚ. ЖАҢАДАРИЯ АУЫЛЫ АУДАННАН ШАЛҒАЙ ОРНАЛАСҚАНЫМЕН, ШАРУАСЫ ШИРАҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ БІРІ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. ЖАЛПЫ, ЖАҢАДАРИЯЛЫҚТАРДЫҢ БАСЫМ КӨПШІЛІГІ БАҚША ЕГУМЕН АЙНАЛЫСАДЫ.

Иә, өңір тұрғындары арасында күз мезгілі туғанда «Жаңадарияның қауыны» дегенді жиі естіп жатамыз. Олай деуге де себеп бар. Өйткені елді мекендердің ішіндегі сапалы әрі уақытылы бақша өнімдерін ұсынатын осы Жаңадария ауылы. Қауыны, қарбызы, басқа да бақша өнімдері ешқандай артық қоспасыз және дәмі тіл үйіргендіктен, көпшіліктің сұранысынан түспей келеді. Ал ауыл халқы алажаздай бақша өнімдерін күтіп-баптап, қоңыр күзде мол өнімін жинап, өзінен артылғанын ауданға әкеліп сатады. Осылайша еңбегінің жемісін көріп, нәпақасын айырып та алады.

Не керек, бүгінгі сапарымызда бақша басындағы қызу тірліктің үстіндегі Екі жігіт бақшаға кірер тұстарға айналдыра қақпан құрып отыр. Сөйтсек, борсықтар қарбыз, қауынды жарып, жарамсыз етіп кетеді екен. Қақпанға 2-3 күннің маңайында 3-4 борсық түсіпті.

Биыл да бірлігі бекем ауыл азаматтары 2-3 үйден ұжым болып, нақтырақ айтсақ, ауыл азаматтары Таңатар Абланов, Алтай Арапбаев, Нұрым Ізбасхан бірігіп, маусым айында 1,5 гектар аумаққа бақша дақылдарын екен. Оның 1 гектар жеріне қауын, қарбыз, асқабақ



тұқымын тастаса, қалған жерге 25 қап картоп еккен. Бүгінде өнімдердің алды, яғни қауын, қарбыз өнім беріп жатыр. Жасы үлкені Таңатар аға бізге бақшаның жай-күйімен таныстырып, әлек болды.

– Бақша егу оңай жұмыс емес, үлкен еңбекті қажет етеді. Сондықтан жаз келісімен сортаң жерді егінге дайындадық. Бір жақсы тұсы, бұл жерге отақ шықпайды. Өйткені бұл тың жерлер болып саналады, яғни бұрын егін түспеген. Сондықтан жер тыныққан. Жалпы, мен жұмыс талғаған адам емеспін. Картоп, қарбыз, қауын жүгері, асқабақ секілді бақша дақылдарының барлық түрлерін егемін. Ең бастысы,

жер мен аяқ су болса, жеткілікті. Иә, бала күнімізден еңбек етіп, кеміс-жидектер егіп, кетпенмен жұмыс істегендіктен болар, бақша баптаудың құры-сырын білеміз. Сондықтан биыл да бақша егуді жөн көрдім. Алпаға шүкір, Жер Ана шаруаларды ренжітпей, өнімін беріп жатыр. Негізінен жерді қалай баптауымыз, жердің де соған байланысты қайтарымы болады. Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары аяқ су мәселесі туындады. Аяқ су бұрынғыдан аз мөлшерде жетеді. Дегенмен қол қушырып отырмай, каналдарды тазалап, арық қазып, еңбек етудеміз. Ауыл өкімі Рауан Ақпанбетовтың көмегі орасан. Өрине құр қолға күш түседі, ал Рақен техникаларды қарастырып, қолғабыс жасады. Ерекше айтатыным, біз өнімдерді ешқандай пестицидтер пайдаланбай, таза табиғи жолмен өсіреміз. Бұйырса, өнімдерді аудан орталығына жермеңкеге апарып, саудалау жоспарымызда бар. Өнімдімізбен аудан жұртын қуантсақ, одан асқан бақыт жоқ, – дейді еңбек адамы Таңатар Абланов.

Нұрым мен Алтай сөзге жоқ, бірақ іске мығым екені байқалып тұр. Қақпанды құрып болып, бақша арасына кіріп, күндегі тірліктерін жалғастыра жөнелді. Бір уақытта екеуі бір-бір қарбыздан арқалап шықты. Бізге өнімдерінен дәм татуды ұсынды. «Жеген де, жемеген де арманда» дегендей, қарбыздың дәмділігін сөзбен айтып жеткізу оңай емес. Өрине ешқандай қоспасыз егілген өнімнің тәтті болары заңдылық. Осылайша бақшадағы қызу еңбекке тамсанып, қос басында тәтті де шырынды қарбыздан дәм таттық. Жасыратыны жоқ, «Берекені өкпен тілеме, өткен еңбектен тіле» дегенді алдына мақсат тұтқан жаңадариялықтардың аяқ су тапшылығы туындаған уақытта өрбір тамшы суға жанашырлықпен қарап, осындай дәмді өнім алғанына тәнті болдым.

Елімізде азық-түлік бағасының тұрақтанбай тұрған уақытта ауыл шаруашылық өнімдерін егудің пайдасы зор. Сондықтан маңдай термен бағбандықпен айналысып, еңбек өткен ауыл азаматтарының ісі көпке үлгі.

Жандос ЖАЗКЕН



Кеңес

Бала тәрбиесі бәрінен маңызды

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚАЗАҚТЫҢ ОЙ-ТОЛҒАМЫН, ПАЙЫМ-ПАРАСАТЫН ТАРАЗЫЛАСАҚ, ҚАЗАҚТАН АСҚАН ФИЛОСОФ ЖОҚ ДЕГЕН СӨЗГЕ ДАУ ЖОҚ, БІРАҚ ҚАЗІРГІ НАНТАЛАП ТІРЛІКТИҢ КҮЙБЕҢІМЕН ЖҮРГЕН КЕЙ АТА-АНАНЫҢ БАЛАҒА АҚЫЛ АЙТУҒА МҰРШАСЫ БОЛМАЙТЫН КЕЗДЕРІ ДЕ БОЛЫП ЖАТАДЫ. КЕШЕГІ «ӘКЕ ТҰРЫП ҰЛ СӨЙЛЕМЕГЕН, ШЕШЕ ТҰРЫП ҚЫЗ СӨЙЛЕМЕГЕН» ЗАМАННЫҢ АУЫЛЫНАН АЛЫСТАП БАРА ЖАТҚАНЫМЫЗ ТАҒЫ БАР. ҚЫСҚАСЫ, АЛДЫҒЫ БУЫННЫҢ УАЙЫМЫ – КЕЙІНГІ БУЫННЫҢ ТӘРБИЕСІ.

Бейсенбі күні аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов төрағалық еткен жиында бала тәрбиесінің кемшін тұстары ортаға салынып, соның салдарынан болып жатқан құқық бұзушылықтар айтылды. Басқосудың күн тәртібінде аудандық білім бөлімінің басшысы Тапғат Садықов жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында білім саласы бойынша атқарылған жұмыстарға шолу жасады.

«Бүгінгі күні мектеп қабырғасында білім берумен қатар ұлттық тәрбиеге ден қойып, жұмысты күшейтуді қажет етеді. Олай дейтініміз, қазіргі таңда көмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзу, топтық төбелес, қыз балалар арасындағы әлімжеттік, буллинг, кибербуллингтің белең алуы тәрбие жұмыстарының әлсіз тұстарын көрсетті. Көмелетке толмағандар арасында өткен жылмен салыстырғанда есепті мерзімде мектеп оқушыларымен жасалған құқық бұзушылықтар бойынша профилактикалық есепке осы жылдың 7 айымен 7 жасөспірім тіркеліп отыр. Түнгі шектеулі мерзімде жүргені үшін 176 жасөспірімге хаттама толтырылған. Әрине балалардың тәртібін қадағалауда босануға болмайтынын ескеру керек.

Айта кететін жайт, көмелетке толмағандармен жасалған қылмыстардың барлығы да сабақтан тыс уақытта орын алған. Демек, бұл жерде ата-аналардың бақылауы мен қадағалауының жеткіліксіздігі байқалады» деген бөлім басшысы жасөспірімдер арасындағы суицид жағдайларының да алдын алуда жұмысты күшейту керек екенін жеткізді.

Бұл мәселе бойынша көмелетке толмағандар арасында осы жылдың 7 айында 1 суицидтік ұмтылыс жағдайы тіркелген. Соңғы бес жылдағы суицид жағдайларымен салыстырғанда көрсеткіш төмендеген дегенмен әр баланың өмірі қымбат екенін ұмытпауымыз керек. Ішкі істер саласы қызметкерлерінің орын алған әр оқиға бойынша жүргізілген зерделеу жұмыстарының нәтижесінде ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың суицидтік жағдайларға әсері болғаны анықталған.

Мұнан кейін Жалағаш аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары Мәулен Әсердің баяндамасынан ауданда орын алған құқық бұзушылық, қылмыс жағдайлары және оның алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстардан хабардар болдық. Мәулен Әсер жыл басынан бері көмелетке толмаған

жасөспірімдермен жасалған құқық бұзушылықтарды өткен жылдың есепті мерзімімен салыстыра баяндады.

Профилактикалық жұмыстар барысында жыл басынан бері 190 құқық бұзушылық анықталса, өткен жылы бұл көрсеткіш 152-ні құрады. Ал беймезгіл уақытта көшеде жүру дерегі бойынша 4 жасөспірім бейімдеу орталығына жатқызылды. Өткен жылы 3 жасөспірім тіркелді. Оның ішінде түнгі уақытта заңды өкілсіз жүрген 176 жасөспірімнің ата-анасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сонымен бірге баланы тәрбиелеу және білім беру жөніндегі міндеттерін орындамаған 9 ата-анаға әкімшілік хаттама рәсімделді. Құқық бұзушылық жасағаны үшін 9 жасөспірім және бала тәрбиесінде өз міндеттерін орындамағаны үшін 9 ата-ана есепке алынды. Өкініштісі, осы жылы көмелетке толмағандармен жасалған қылмыс 100 пайызға өскен. Ал жасөспірімге қатысты жасалған қылмыс өткен жылмен салыстырғанда төмендеді. – дейді Жалағаш аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары Мәулен Әсер.

Қазіргі таңда қоғамда балалардың үйден хабар-ошарсыз кетуі де орын алып жатады. Бұл ең алдымен отбасындағы ата-ана мен бала



арасындағы қарым-қатынастың үйлесімділігінің бузылуы, түсініспеушілік, балаға бақылаудың жоқтығы, осындай келеңсіз оқиғалардың орын алуына себеп болады. Бұған дейін баланың үйінен хабар-ошарсыз кетуі бойынша 5 дерек анықталған екен. Сәтін салып, балалардың барлығы аман-есен ата-анасына қайтарылған. Аудандық руханият орталығында өткен мәжілісте көмелетке толмағандармен болатын құқық бұзушылықтарға талдау жасап қана қоймай, бала тәрбиесіндегі ата-аналар жіберетін кемшіліктер де айтылды. Ал баяндамашылар бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз да, басты тұлға да ата-ана екенін айтады. Бұл рас, адамгершілік, бауырмалдық,

татулық, қайырымдылық, өдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер тек айтуға ғана қажет етпейді. Ол үлкендер үлгісімен бала бойына сіңеді. Сондықтан әке де, ана да балаларының жан-дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн.

Еліміздің түкпір-түкпірінде орын алып жатқан оқиғаларды күнде естітініміз рас. Бізге жетпейтіні қаншама. Әсіресе көмелет жасына толмаған жас буынның топтық төбелесіне тыйым болмай отыр. Бұл әрине тәртіп сақшылары жұмыс істей отыр деген сөз емес. Алайда бала тәрбиесіне келгенде үш тарап та жауапкершіліктен жалтармауы тиіс. Баланың тәрбиесі, қауіпсіздігі ең

алдымен ата-ананың жауапкершілігінде. «Ұяда не көрсө, ұшқанда соны ілетіні» ескерсек, әрбір ата-ана өз баласы үшін идеал үлгі тұтар тұлға екенін де қоса кету керек. Ал аталған жиында айтылған тәрбиенің кемшін тұстарының орнын толтыруға әлі де көш емес.

Ата-ананың ең үлкен бақыты баласының жақсы азамат болып өсуі десек, мемлекет пен қоғамның да басты мақсаты – елге ел болатын білімді ұрпақ тәрбиелеу. Сәт сайын өзгеріп, көз іспес жылдамдықпен дамуға бет алған бүгінгідей дәуірде рухани құндылықтар мен ұлттық тәрбиенің өзегінен ажырап қалмауға тиіс.

Нұр НАУАН

Сұхбат

Нұржан Амандық, аудандық жастар ресурстық орталығының директоры:

Жастарды қолдау – болашақтың іргетасын қалау

Ел болашағын жарқын етуде жастардың үлесі зор. Бір сөзбен айтқанда, жастар – қоғамның қозғаушы күші. Көзі ашық, көкірегі ояу кез келген жас ұрпақ өз елінің даму жолында аянбай тер төгеді. Жастардың қоғамдық ой-санасын жетілдіру, шығармашылық әлеуетін арттыру жолында аудандық жастар ресурстық орталығының алар орны ерекше. Жастардың шығармашылығын дамытуға, жаңашыл жобалардың қанат бітуіне орталықтың берер бағыты мен мүмкіндігі мол. Жаңашыл бастаманың жанынан табыла білетін мекеме өңір жастарының ғана емес, ауыл жастарының дамуына да өз септігін тигізіп келеді. Жас та болса аудан жастарының басын біріктіріп, олармен бірлесіп қызмет етіп жүрген жандардың бірі – аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Амандық. Ауданда жастар саясатының жүзеге асу барысымен танысу үшін орталық директоры Нұржан Раисұлымен сұхбаттасқан болатынбыз.

– Жалпы, жастар үшін жастар ресурстық орталығының маңызы зор. Өзіңіз басшылық жасап отырған мекеменің бүгінде атқарып жатқан жұмыстарына тоқталып өтсеңіз...

– Өздеріңіз білетіндей жастар ресурстық орталығы жастармен тығыз жұмыс атқаруда. Осы уақытқа дейін ұйымдастырылған барлық іс-шараға өздеріңіз күресіңіздер. Жалпы, біздің басты мақсатымыз – жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, оларға мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау. Спортқа, шығармашылыққа баулу, патриоттық рухын арттыру, одан бөлек мемлекеттік бағдарлама аясында жұмыспен қамту, баспаналы болуға дұрыс бағыт-бағдар беру. Былтыр жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында 3 жоба жүзеге асқан болатын. Жылда жобалардың аты аңыздылығына қарай өзгеріп отырады. Кейде шығармашылық жастармен жұмыс жасасақ, енді бірде патриоттық бағытта болады.

Жалпы, биыл жастарды дамыту мен қолдауға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 3 жобаны жүзеге асыруға 4 млн 200 мың теңге қаржы бөлінді. Екі жоба қазіргі таңда жүзеге асып жатыр. Оның ішінде шығармашылық жастармен жұмыс, ардагерлермен кездесу, спорттық сайыс, барлығы қамтылған. Ал НЕЕТ санатындағы жұмыссыз жастармен 2018 жылдан бері тікелей жұмыс жасау – біздің алға қойған ең бірінші міндеттеріміздің бірі. Президент тапсырмаларында да, Жолдауларында да осы НЕЕТ санатындағы жастар туралы тапсырмалар беріліп келеді. Сондай-ақ биыл жұмыспен қамту орталығы мен кәсіпкерлік бөлімінің мамандарымен бірлесіп 14 ауылдық округті аралап, мемлекеттік бағдарламалар туралы жастарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, жеке қабылдаулар өткіздік. Сондай-ақ өртүрлі форматта шаралар мен кездесулер өтеді. Мәселен, білім және полиция бөлімдерімен, «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің төрағасымен бірлесіп отырып, жастар

арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында, ауданның ойын-сауық орталықтарында түнгі рейд жұмыстарын жүргізіп келеміз. Одан бөлек ерікті жастардың қатысуымен акциялар өткізілуде. Атаулы мерекелерде ауданның ерікті жастарымен бірлесіп түрлі шаралар ұйымдастырамыз. Мәселен, жалғызбасты, көпбалалы аналарды мереке қарсаңында құттықтап, кішігірім сыйлықтарын табыстауымыз. Сондай-ақ Халықаралық балаларды қорғау күніне орай руханият орталығында кәсіпкерлердің демеушілігімен балаларды қуанту мақсатында бір күн бойы іс-шаралар өтті. Бұдан бөлек ауыл жастарының жазғы уақытын тиімді өткізу мақсатында аймақтық спорттық сайыс ұйымдастырылды.

Әрдайым жастармен кездесіп, жат ағымдардан сақ болу мақсатында, қылмыстың алдын алу бағытында, тәрбиеге байланысты жоғары сынып оқушыларымен жиі кездесулер ұйымдастырамыз. «Жасыл ел» еңбек жасағымен де қазіргі қоғамда белең алып бара жатқан құмар ойын, энергетикалық сусындар зияны туралы денсаулық орталығымен бірлесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеміз. Халық көп шоғырланған орындарда акциялар ұйымдастырамыз. Сондай-ақ жақында жастар күніне орай апталық өтіп, әртүрлі бағытта шаралар ұйымдастырылды.

Волонтерлік қызмет көрсету бойынша «Jalynny jas» еріктілер мектебінің жұмысы жыл санап өз маңыздылығын көрсетуде. Бүгінде деін аудан жастарынан құрылған еріктілер шағын гранттарды жеңіп алу арқылы 3 Coworking орталық, 3 спорттық үйірме, 2 көшеге қоқыс жәшігін орнату, ерекше балаларды қолдау бағытында 2 мекемеге материалдық демеушілік, ауылдық жол-кейту үшін 2 ауылға жаңа жоба және Жалағаш кентінде 1 отбасыға баспана табыстады.

2020 жылы 14 жоба 5 млн теңге, 2021 жылы 6 жоба 5,5 млн теңге, 2022 жылы еріктілер 6 млн135мың теңгені құрайтын 16 жобаның жеңімпазы

атанды. 2023 жылы осы бағыттағы гранттарға жастарды қатыстыру жұмыстары жүргізіліп келеді.

– Аудан өкілінің «Жалын жастар» сыйлығын кімдер алады?

– Қазақстандық патриотизмді арттыруға елеулі үлес қосқан ерікті жастарымен бірлесіп қолдау мақсатында ауданы өкілінің «Жалын» жастар сыйлығына байқау қыруық-қазан айларында жарияланып, жаңа желтоқсан айларында жүзеге асырылады. Аталған сыйлық түрлі саладағы талантты жастарды ынталандыру және олардың еңбегін таныту мақсатында 2018 жылдан бері бастау алып, жыл сайын түрлі номинациялар беріліп, толықтырулар енгізіліп келеді. Мәселен, былтыр сала үздіктерінен бөлек «Үздік оқушы» номинациясы қосылған болатын. Оның бір жолғы қаржылай сыйақысы былтырдан бастап 100 мың теңге болып белгіленді. Бұл қаржы жалпы осыған дейін жасаған жұмыстарына қолдау және мотивация болып табылады. Арнайы конкурс арқылы комиссияның алдында қорғау өтіп, қатысушыларға номинациялар тағайындалады.

– Мемлекеттік бағдарламалардың иегілігін жастар көріп жатырма?

– 2021 жылы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік ұрпақтары» деген жоба ұйымдастырылды. Оған ауданның белсенді жастарының бірі, Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің жастар жылы тілі пәні мұғалімі Айсана Нұмурадин қатысты. Ол «Медиа», жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контентті құру жөніндегі жобаларды іске асыру бағыты бойынша 3 млн теңге грант жеңімпазы атанды. Ал биыл 7 жоба ұсынылып, оның 2-еуі облысқа жолдама алып, 1-еуі жеңімпаз атанды. Қоғамдық даму басқармасының «Келешек PRO» әлеуметтік жобасы аясында «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауының облыстық кезеңінде «Жасыл ел» еңбек жасағында жұмыс жасайтын Динара Жарқынбек есімді

қарындасымыз «IT» бағыты бойынша 300 мың теңге қаржылай қайтарымыз грантка ие болды. Сондай-ақ күні кеше Қызылорда облысының құрылғанына 85 жыл толуына орай арнайы шығарылған қоғам ісінде жанашыр, кәсіби сала үздіктерін жинақтаған сырбойылық жастардың «Сыр үміті» жинағына «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасының жеңімпазы Айсана Нұмурадин мен Нарбота Серәлі есімді ауданымыздың белсенді жастары кітапқа енді.

– Жұмыссыздықты жою елдегі күрмеуі қиын мәселе екені анық. Бізде жұмыспен қамту, кәсіпкер жастарды қолдау қаншалықты бір жолға қойылған?

– Иә, жастар арасында ең өзекті болып отырғаны – жұмыссыздық мәселесі. Қазіргі таңда ауданда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,2 пайызды құрап отыр. Өздеріңіз білетіндей жолында аудан орталығында «Тұлға» жобасы тәрбие әлеуметтендіруге бағытталған жәрмеңкесі ұйымдастырылған болатын. Оған аудан тұрғындары мен жастары келіп, әр сала мамандарынан жұмысқа орналасу, жастар кәсіпкерлігі, білім, денсаулық салалары, және т.б бағыттар бойынша кеңес алды. Сондай-ақ жастар көкейінде жүрген сауалдарын қойып, мемлекеттік бағдарламалар мен мүмкіндіктер жайлы кеңінен ақпарат алды.

Сонымен қатар жыл сайын «Жасыл ел» жасағына кадр жинақталады. Бұл бағдарлама аясында жастар уақытша болса да жұмыс жасайды. Аудан бойынша 2023 жылдың 6 айында тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3303 бірлікті құраса, оның ішінде 1273 субъектісі, нақтырақ айтсақ, 787 дара кәсіпкер, 12 заңды тұлға, 474 шаруа және фермер қожалығы немесе 38 пайызын 18-35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлер құрап отыр. Сондай-ақ жыл басынан ауданнан мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпкерлікті бастау немесе дамыту бағытында 76 кәсіпкер 1494,2 млн теңгеге қаржыландырылса, оның

ішінде 15 жас кәсіпкердің жобалары 132 млн теңгеге қаржыландырылған. Жыл басынан бері «Аграрлы несиесі корпорациясы» АҚ арқылы жастар кәсіпкерлігін бастау немесе дамыту бағытында аудан бойынша 22 жоба қатысып, қазіргі таңда 11 жоба 51,5 млн теңгеге қаржыландырылды.

– Өздеріңіздің бастамаларыңызбен өтетін шаралардың жастарға тиімділігін арттыру бағытында басшы ретінде қандай өзгерістер қосып жатырсыз?

– 2019 жылдан бастап орталықтың мамандары ақылдасып бастау алған жоба – «Еңбек лагері». Оған түрлі сала өкілдері мен жұмыссыз жастар, «NEET» санатындағы жастар мен белсенді жастарды қатыстыра отырып, шаруашылықтарда бір күндік еңбек лагерін ұйымдастырамыз. Бір жағынан жұмыс жасаса, екіншіден, кешкі алауда отырып өн айттып, кейі билеп, уақыттарын қызықты өткізеді. Негізгі мақсат – ауылдың құндылықтарын ұмыттырмау, салт-дәстүрімізді насихаттау, жастар арасында өзара достық қарым-қатынас орнату болып табылады. Бұл жоба тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Былтыр бұл жобаны «Ер-Әлі» шаруа қожалығында ұйымдастырдық. Жастар ол жерде картоп өнімдерін жинауға көмектесіп, көтеріңкі көңіл-күйді қайтты.

– Ауданда 14 пен 35 жас аралығында 10 966 жас бар. Әрине оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жастарымыз да бар. Оларға қандай қолдаулар бар? Соған байланысты қандай шаралар ұйымдастырылып тұрады?

– Мүмкіндігі шектеулі жастарды қоғамдық ортаға тарту мақсатында көңерттік бағдарламаларда өз өнерлерін көрсетуге ықпал жасап, іс-шаралардан қалыс қалдырмаймыз. Сондай-ақ азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімімен бірлесіп отырып, түрлі бағытта шаралар өткізіп келеміз және жоспарға сәйкес алдағы уақытта да ұйымдастырамыз.

– Қазіргі жастарды қандай дүниелермен қызықтыра аламыз? – Ізденген адамға жастарды жа-

лықтырып алмаудың жолы көп. Қазір не көп, жастармен өткізіліп жатқан іс-шара көп. Алдағы уақытта рес-публикалық, облыстық деңгейде танылып жүрген бизнес-тренажерлерді шақырып, семинар-тренинг өткізу арқылы жастарға қолдау көрсетсек деген идея бар. Қазір жастардың көбісі телефонның ішіндегі әлемнен шыға алмай отыр. Оларды сол шеңберден шығарып, қазақ қалпын ояту мақсатында танымал тұлғалармен сыр-сұхбатты көбірек өткізуді қолға алатын боламыз.

Жастарды кітап оқуға тарту керек. Біз жылдың басында аудандық кітапханамен бірлесіп, «Leaders» оқырмандар клубын құрдық. Тұрақты түрде ай сайын кездесу шаралары өткізіліп келеді. Жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында арнайы біркелкі футболка жасатып, алдына зиялы тұлғаларымыздың нақыл сөздерін жазып, артына «Leaders» оқырмандар клубы деп жаздыруымыздың негізгі мақсаты – кітап оқуға тарту.

– Алда басқа да қандай жобалар бар?

– Аудан жастарының басын біріктіріп, туған жерді өркендету, дамыту бағытындағы жаңа жобалар жасау – жастар орталығының басты міндеті. Осы тұста жастармен етене араласып, олардың кәсіптен шұғылданыуына жағдай жасауда ең негізгі міндеттердің бірі. Қазірдің өзінде қаншама жас қайтарымыз гранттың игілігін, өз кәсіптерінің жемісін көруде.

Мұнан бөлек жастар арасында жұмыссыздықты төмендету негізгі мақсаттарымыздың бірі болып табылады. Мемлекет тарапынан бол-сын қалалық, облыстық, аудандық әкімдіктер жастарға қажетті қолдау көрсетіліп келеді. Себебі қазір жастар мәселесі басты назарда. Ме-нің ойымыш, жастарды қолдау – ел болашағына деген қамқорлық. Себебі елдің ертеңі мен келешек келешегі жастардың қолында.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Ақтоқты ЕРЖАНҚЫЗЫ



Амандық Нұржан Раисұлы, аудандық жастар ресурстық орталығының директоры

Таным

Меңей батыр

ХАЛҚЫНА ҚОРҒАН ЕРЛЕРДІҢ ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНЕН МӘҢГІ ӨШПЕСІ БЕЛГІЛІ. СОЛ ҚАҺАРМАН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАТЫРЛЫҚ ЖОЛЫ МЕН ЕРЛІК БОЛМЫСЫ ҰЛТТЫҚ ТҰТАСТЫҚ ПЕН ЕГЕМЕНДІКТІ САҚТАП ҚАЛУҒА КҮШ БЕРГЕН БІРДЕН-БІР ӘРЕКЕТ ЕДІ. СЫР ӨңІРІНДЕГІ ОСЫНДАЙ ЕРЛІГІМЕН ЕКПІНДЕП, БАТЫРЛЫҒЫМЕН БАҒЫ ҮСТЕМ БОЛҒАН ТҰЛҒАНЫҢ БІРІ – МЕҢЕЙ БАТЫР.

Кіші жүз ханы Әбілқайырдың ұлы Нұралы ханның бас қолбасшысы болған Меңей жасынан ерлігімен көзге түскен батыр болған. Ол уақытта Нұралы ханның інісі Ералы шөмекейлердің сұлтаны болып, жергілікті халық жаз айында Ырғыз бен Торғайды, қыста Қызылқұмды қоныстанып күн кешіпті. Сол кезде шөмекейлер мекендеген аймағы Қазалы үезінің солтүстік-шығысы мен Ырғыз, Ақтөбе үездерінің маңы екен.

Меңей батырдың болмысы мен халқына қалтқысыз қызметі ел арасына ертеден белгілі. Батыр туралы мәліметтерді аңыз-әңгіме, жыр-дастандардан да жиі ұшыратамыз. Мәселен, заманының гажайып шайыры Тұрмағамбет Ізтілеуов батырдың ерлік жолын былайша өлеңмен ереді:

«Дос күтіп, дұшпан сыйлаған,
Бәшеке, Жаңай, Меңейді.
Жұрт тегіс желдей тынушы еді,
Қозғаса олар көмейді.
Уақытында олардың,
Күннен-күнге күшейіп,
Өрісі елдің кеңейді.
Қалайынша айтқанмен,
Қайратты туған қандықез,
Азды көпке теңейді» – деп кесіледі.

Шынында, Меңей Қарашаулы Сыр өңірінің айтулы батырының біріне айналған. Баһадүрдің туған-өлген жылдарында біршама талас кездеседі. Кейінгі деректе шамамен 1750-1753 жылдары Қуандария бойында дүниеге келіп, 1847-1850 жылдары өмірден өткен деп көрсетілген. Қызылорда облысының «Сыр елі» энциклопедиясы мен жергілікті ақындардың шығармаларында нақты ақпараттар қамтылған. Сондай-ақ Сейтмұрат Тілеубайұлының 2003 жылы жарық көрген «Гибрат» атты кітабында мынадай дерек келтіреді: «Бозғылдың екінші әйелі Көлдейден туған үлкен баласы Торыбай аталығынан Меңей батыр шығады. Меңей қаратамыр Қыстаубай, қарасақал Шағармай, қошқарлаы Қорен батырлармен үзегілес, сыйласып өмір сүрген» деп айтылған. Тіпті Меңей батырдың Өтетілеу бидің замандасы, қимас досы болғаны туралы да дерек бар.

Ал өткен ғасырда «Казпроект-реставрация» институты Қазақ ССР Мәдениет министрлігі ескерткіштерді қорғау басқармасының тапсырмасымен Меңей батыр туралы ақпарат жинаған. Сонда елдегі шөжіре қарттар Меңей батыр туралы айтып, оның қалмақтармен соғыста атағы шыққан батыр екенін және ерлік істерін паш етеді. Себебі қаһарман тұлға өмір сүрген уақыт Ресей империясының қысымына шыдамаған құба қалмақтар Еділден еліне ауған уақытпен тұспа-тұп келген еді. 1771 жылы казактар мен жергілікті шаруалар Еділ қалмақтарына қысым жасап, зәбір көрсеткені мәлім. Құлделікті қақтығыстан қажыған қалмақтар сол жылы Жоңғарияға бет түзейді. Мұндай жағымсыз хабарды естіген патша үкіметі қалмақтарды кері қайтаруға тырысқанымен олар көнбей, қазақ даласына еніп кетеді. Қалмақтар жолындағы қазақ ауылдарын шауып, Жем өзенінің бойына келіп аялдады. Осы сәтте ата жауды жақындағанынан хабар алған Нұралы хан әскер жиып, өзен бойында шайқас өткізеді. Майданда жеңілген қалмақтар Мұғалжар тауын айналып, Торғай өзенін өзгеріс кесіп өтеді. Дәл осы Торғайда жоңғармен шайқас өткен Қарасиыр деген жер көйнінен «Қалмаққырылған» аталып кетеді. 40 мың әскер қоршай жыл-

жыған қалмақтың 180-200 мың адамдық көші қазақ жерімен өтуін жалғастырып, қазақ ауылдарын аяусыз жаныштайды. Өздері де талан-таражға түсіп, әскер саны азайған үстіне азайып, жағдай қиындай түскен. Нұралыдан кейін қалмақ көшін Абылай хан да шапқан Бұл соғыс қазақ тарихында «Шаңды жорық» деген атпен қалғаны мәлім. Мұны айтудағы басты мақсат – Меңей батыр. Себебі жас баһадүр аталған соғыста үлкен ерлік көрсетіп, мол олжа салған.

Меңей батыр Қоқан хандығымен қақтығыста да көзге түскен. Бұл туралы ғалым Тынышбек Дайрабай «Кете-Шөмекей шежіресі» атты еңбегінде шөмекей батырларымен бірлесіп, Меңей баһадүрдің Телікәлге жақын Қызылжыңылбас деген жерде қоқандықтармен соғысқанын айтады. Шайқаста ерекше көзге түсіп, құрметке бөленіпті. Ол кезде Шөмекейлердің билеушісі Елекей сұлтан болыпты. Сол мезетте Меңей батыр хан атасы ері ордада билердің мәслихатшысы атанып, лауазым иеленеді. Сұлтанның сенімді серігі болып, талай сапарда бірге болған. Мысалы, Елекей сұлтанның Ақмешіттегі Қоқан бегіне сәлем бере барған сәтінде де жанында жүрген. Айтпақшы, осы сапарда ел аузында қалған естелік бар екен. Ақмешіт бегі сәлем бере келген Елекейдің «Жаныңдағы кесек байлағаның кім?» деп сұрапты. Сонда Меңей батыр «Бұл Айшуақ, Есім, Ералы мен Нұралы хандарды қорқытқан кесек еді. Керек болар дап тағы өкелгенім ғой» деп қылышын ұстағанда бектің зәре-құты қалмаған деседі. Міне, айбаттымыз ықтырған батырдың бір қайсарлығы осындай байқалады.

Меңей батыр туралы мәліметтер тек қазақ арасында емес, орыс деректерінде де кездеседі. Мысалы, А.И.Левшин «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» атты іргелі жазбасында да Меңей батырды атап өткен. Оған қоса 1894 жылы Ресейде шыққан карта мен кейінгі деректерде Меңей атты жер атауы бар. Бүгінде Қармақшы ауданындағы Теймбет Кемекебаев ауылы маңындағы бұрын «Аша» деп аталған жер бар. Үлкендердің айтуынша, онда Меңей батырдың қыстауы болған екен. Сондай-ақ Қуандарияның бойында Меңей атты көл бар. Батыр дүние салған соң ұрпақтары оны жердегі биіктеу төбеге жерлеп, кейін сол маң Меңей аталып кеткен. Қазір аталған орында батырдың мазолігі орналақан. 2013 жылы батырдың шетелдегі және Қазақстандағы ұрпақтары баһадүр кесенесіне гранит-тастас белгілер қойыпты. 2018 жылы Қармақшы ауданындағы бір көшеге Меңей батыр есімі берілді.

Көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, Меңей ұзын бойлы, тау тұлғасымен дараланып тұратын жауырынды, қалың қасты, қаба сакалды кісі болған. Атқа мінгенде үзегіне салған екі аяғының тізесі атының құлағына жетеғабал болған деседі. Қылыш сермеп, найза түйреудің әдіс-айласын шебер меңгерген батыр жауға қарсы ұрандап бір өзі шабады екен. Шалт қимылы соншалық, жуандығы білектей ұзын найзамен қарсы келген жауын түйреп өткенін ел-сәтте ешкім аңғармай қалатын көрінеді. Қоқан, қалмақтардың әскер басыларымен бірнеше мәрте жеке-жеке шығып жеңіске жетіп, шайқас тағдырын шешкен батыр



бабамыз ержүрек өжеттілігімен қазақ тізе қосып, бірге ел қорғағаны айтылады. Демек, сол заманда Ресей патшалығы мен Хиуа-Қоқан хандығының үстемдігіне қарсы күресте Пәрілі Өтетілеуұлы, Қожеке Мырзабайұлы, Арғынбай Таңатұлы, Бұқарбай Есетбайұлы, Жанқожа Нұрмұғамбетұлы секілді Сыр өңіріне танымал тұлғалармен бірге жауларына тойтарыс беріп отырғанын, сөйтіп ұлт азаттық көтерілісіне белсене қатысқанын аңғаруға болады. Қазақ тарихында халқымыздың көрнекті тұлғалары аумалы түкпелі кезеңдерде, қиын қыстау күндерде халық алдындағы міндетін абыроймен орындап, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етіп қалдырды. XVIII ғасырда өмір сүрген тұлғалар қазақ жерін жоңғар, қалмақ, башқұрттардан қорғап жүрсе, XIX ғасырда олар орыс, хиуа, қоқан басқыншыларының отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырды. Сыртқы жаулармен шайқас кезінде хан-сұлтандармен бірге қазақ қоғамындағы беделді әлеуметтік топтың бірі – батырлар үлкен рөл атқарды. Солардың қатарында Меңей батыр да елің жерін сыртқы жауларынан қорғады. Енді ел аузынан естіген Меңейдің батырлығы мен ерекше қасиеті жайлы әңгімелерді баян кетейік.

Меңей батыр балаларды ете жақсы көрген, балажан кісі болған. Қартайған шағында ауылында «Қарақ» төбеге шығып өткендерін еске алып отырады екен. Бірде сол төбе маңында асыр салып ойнап жүрген ойын балалары Меңей батырды көріп:

– Ата басындағы, ішіндегі жара іздері неден қалған? – деп сұрайды.
– Меңей жорығыма қалған жаракат із. Мынау қоқандармен айкаста «Қызылжыңылбас» жорығынан. Мынау «Шандықорық» үлкен жорық болған қалмақтармен айкаста алған жара ізі, – деп тізбектей жөнелді батыр баба. Осы соғыста көп жоңғарлардың ортасында қалып, найзаларымен түйреп атымының үстінен атқанда найзаларынан аққан қанды көріп, «Меңей өлді» деп тастап кете берген. «Аққөбе сауытым сөгілді. Найза тигенде, қарным бір жағы жарылып, сыртқа шыққасың, дұлығамның ішінен сәлдемді алып қарнымды байлап сауытымды қайта киіп алып некерлерімен жауға қайта от қойдым, шаптым. Сонда жау аруақ көргендей қаша жөнелді», – деп Меңей батыр балалардың басынан сипаған екен.

Меңей батыр елің, жерін жаудан қорғаған, намысты қолдан бермеген от жүректі, сом білекті батыр болған. Соны дәлелдейтін оның бала кезіндегі батылдығы мен батырлығы жайлы мынадай әңгіме бар. Бір күні жайлауда шетте отырған Торыбай

ауылының күнкерісі ірілі-уақты малын көрші ауылдың жігіттері барымталап, айдап кетеді. Бұл кезде Меңей он бестер шамасындағы балаң жігіт болса керек. Үлкендерден бата алған ол тәуекел деп әлгі мал айдаушылардың соңынан қуады. Артынан қуып келген ат үстіндегі қаршадай баланы көрген барымташы жігіттер қарқылдап күліп, мазақ қылады. Сол жерде ұрыс басталады. Меңей батыр қарсы келген 3-4 жігітті соққыға жығып, аттан құлатады. Біреуін сол жерде мерт қылады, қалғандары қашып құтылады.

Содан көрші ауылдың билері орың азаматтың құнын сұрап, Торыбай ауылына келеді. Осы даудың билігін айту үшін екі ауылдан екі би шығарылады. Олар бір бітімге келгенше ауылдың шетіне барып, оңаша ойласады. Ел ағалары екі жақ бітімге келгенше көрінбей-ақ қой деп Меңейді ауылға қалдырып кетеді. Бірақ «Қоянды қамсы, жігітті намыс өлтіреді» демекші, бұған намыстанған Меңей қылышы асынып атқа қонады.

Әдеттегідей дау шешілгенше ортада ақ боз үй тігіліп, екі жақтың билері өзара ақылдасып жатыр екен. Меңей батыр ақ боз үйге кіріп келіп, «Ассалаумағалейкум» деп билерге жағалай сәлем беріп, сол жақ босағаға отыра кетіпті. Билердің бірі бұл қай бала деп сұрағанда, екіншісі елі өлтірген осы бала дейді. Сонда әлгі би «Бетінен қаны шығып тұр екен, болса болар» деп әңгімесін жалғастыра берген екен.

Көрші ауылдың жігіттері оған:
– Сені қатын секілді қашып кетті ме деп отыр едік, неге келдің? – деп сұрайды. Сонда Меңей:
– Сыртта жүріп өлсем елім жат жерде қалады. Енді өлсем дөңемді алып кетпейсіңдер, туған жерімде жерлейсіңдер. Сосын өзім алдарыңа келіп отырмын, – деген екен.

Көрші ауылдың биі басымдық көрсетіп, құна жасауымен екі қыз беруге көндіріп жатса керек. Сонда Меңей әлгі бидің иегінің астындағы салбырап тұрған алақандай ұраны ұстап қысып тұрып әлі бітімге келген жоқсындар ма, жасауымен бір қыз беретін боламыз, – дейді. Екі жақтың биі осыған келіседі.

Кешкілік тамақ пісіп, табақ тартылады. Сонда көрші ауылдың биі Меңейді сынамақ болып, мына қойдың бел омыртқасын етімен асатамын, егер осыны асасан күн дауламаймын, – дейді. Сонда Меңей қойдың бел омыртқасын шайнамай, қылғытып жұтып жібереді. Осыдан кейін екі жақ та татуласып, бітімге келген дейді аңыз сөз.

XIX ғасырдың басында Жаңадария мен Қуандарияның орта және төменгі ағысында мекендеп қоныстанған ауылдарға хиуа мен қоқандар сан мәрте шабуыл жасайды. Ха-

лықтың ар-намысына тиіп шексіз озбырлық жасаған хиуалықтармен болған ұрыста Меңей батыр оннан астам жау сарбазын жер жастандырып, ерлік көрсетеді. Ол кездегі соғысу дәстүрінде адам шығынын азайту мақсатында екі жақтың бас батырлары жеке-жеке шығатын болған. Қай жақтың батыры жеңілсе, сол жағы жеңіліс тапқан болып қала береді. Екінші ауыр түрі жаппай шабуылға шығып, найзаласу, шоқпар сілтеу, қылыштасу, тағы бір әдісі айнала қоршап алып жойып жіберу.

Бірде Жанқожа бастаған қазақ қосындары хиуаның қалың қолына тап болады. Адам шығынын болдырмау үшін екі жақтан екі батыр жеке-жеке шығатын болады. Бұл жолы екі жақтың келісімі бойынша жеке-жеке хиуа жақтан Қарабас батыр, Жанқожа жақтан Меңей шығады. Екі батыр ортаға шауып шығып, айкаса кетеді. Қарабас батырдың ірілігіне сай қайраты да бар екен. Қарсыласын тез жеңудің әдісі болуы керек, найзасын адамға емес, аттың шылауына қарай сілтеп бергенде, Меңей шалт қимылдап кіндік тұсынан түйреп өтеді. Найзасы қолынан ұшқан жау атынан төңкеріле күлап, сол жерде жан тапсырады. Көп ұзамай хиуа ханы Аллақұл Қожанияз басқарған алты мыңнан астам қолды Сырдың жағасындағы жазалау үшін жібереді. Жанқожа бастаған жақтар хиуалықтарды тас тапқан етіп, олардың бекінісі «Жаңақаланы» басып алады. Осы шайқаста ерекше көзге түскен Меңейге дән риза болған Жанқожа батыр: – «Басқа батыр бір төбе, Меңей ағам бір төбе» деп құрмет тұтқан. Бұның себебін сұрағандарға – Батырдың қайраты мен қайсарлығын әскери шеберлігін айтағанда, ұрандап жауға бір өзі шабатын қырғиы ғой, ол ердің» деп жауап береді екен.

Зерттеушілердің еңбектері мен ақындардың жыр толғауларында Меңей батырдың XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бас кезінде өмір сүргені және жоғарыда аталған қазақ батырларымен заманда, жорықтарда сапарлас болып, қалмақ, хиуа-қоқандармен болған шайқастар кезінде ерен ерлік көрсеткені айтылады.

Қорыта айтқанда, қол бастаған батырлық келбетімен қатар, елге пана болған тұлғасымен тарихта қалған Сыр өңірінің біртуар перзенті өлі талай зерттеуді қажет етеді. Олай дейтініміз, Меңей батырдың өмір жолы аймақтың өлкетану саласында ғана айтылмай, ұлттық тарих бетінде алтын өріппен жазылу қажет деп білеміз.

А. БЕК,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

2023 жылы III тоқсанда Жалағаш ауданы әкімінің аппаратында аудан әкімінің, оның орынбасарлары мен аппарат басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Есжанов Аскарбек Темірбекұлы	Аудан әкімі	Жұма күні сағат 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
2	Нұрмағамбетов Арнұр Әлібекұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Бейсенбі күні сағат 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
3	Байнахатов Әліби Қодарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Дүйсенбі күні сағат 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
4	Сүлейменов Ғани Кенжеғараұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Сейсенбі күні сағат 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
5	Қайнарбаев Ержан Еділбайұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Сәрсенбі күні сағат 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын

Жемқорлыққа жол жоқ

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелес пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған аса қатерлі кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан нұқсан келтіріп отыр.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе халық парақорлық дертімен жие бетпе-бет келеді. Сондықтан кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде бүкіл қоғам болып белсенділік танытуымыз керек.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бузылуына түрткі болады. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» заңына сәйкес сыбайлас жемқор-

лықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігін шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Әрине сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырақат емес. Айналасындағы, салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаны және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті



дертті болдырмаудың басты тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке бірлесіп атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекеттің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңдарын

сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Сыбайлас жемқорлықты жоюды мақсат еткен төтенше жағдайлар бөлімі де Жолдауда берілген тапсырмалардың, заңнама-лардың талапқа сай орында-луына басымдық беріп келеді.

Т. ТІЛЕУБЕРГЕН,
аудандық төтенше жағдайлар бөлімі бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау капитаны

Мәселе

Елдің мұңы – несие жыры

БҮГІНДЕ НЕСИЕ АЛЫП, БАНККЕ ҚАРЫЗҒА КІРГЕН ҚАЗАҚ ЖОҚ ШЫҒАР. ИӘ, ОЛ – ӘРКІМНІҢ ӨЗ ЕРКІ. ДЕСЕ ДЕ БҮЛ ЖЕРДЕ МӘСЕЛЕ ҚАРЫЗДЫ ҚАЙТАРУДЫҢ ҚИЫНДЫҒЫ, НЕСИЕ САЛДАРЫНАН КЕЛЕТІН ҚАСІРЕТТЕР БОЛЫП ОТЫР. НЕСИЕСІН ЕНДІ ҒАНА ЖАУЫП, «ЕНДІ АЛМАЙМЫН» ДЕП ӨЗІНЕ СЕРТ БЕРГЕНДЕР ДЕ СЕРТІНЕН ТАЙЫП, ҚАЙТАДАН ҚАРЫЗҒА КІРІП ЖАТЫР. ӨЙТКЕНІ КӨЗ АЛДАҒАН ЖАЛТ-ЖҰЛТ ЕРКЕН ЖАРНАМАЛАР МЕН КҮМӘНДІ АКЦИЯЛАР НЕСИЕНІ БЕЙНЕ БІР ТЕГІН БЕРІЛІП ЖАТҚАН ДҮНИЕДЕЙ КӨРСЕТЕДІ. КЕПІЛДЕМЕСІЗ НЕСИЕ, ҚҰЖАТСЫЗ НЕСИЕ, ӨСІМІ АЗ НЕСИЕ, ПАЙЫЗСЫЗ ТҮРМЫСТЫҚ БҰЙЫМДАР СЕКІЛДІ ЖАЛАҒ ЖАРНАМАЛАР АДАМДЫ ЕЛІКТІРМЕЙ ҚОЙМАЙДЫ. ЕСІҢ КЕТПІ, ҚАЛАЙ ӨЗ ЕРКІҢМЕН ҚАРЫЗҒА ҚОЙЫП КЕТКЕНІНДІ БІЛМЕЙ ҚАЛАСЫҢ. СОҢЫНДА ӨЗ АҚЫЛЫҢНЫҢ ҚАЙДА ҚАЛҒАНЫН БІЛМЕЙ, ОПЫҚ ЖЕП, БАР ТАПҚАН-ТАЯҒАНЫҢМЕН НЕСИЕ ТӨЛЕП, ӨЗІҢЕ ЕМЕС, БӨТЕН БІРЕУГЕ ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕЙ ЖҮРЕСІҢ. ШЫНЫ КЕРЕК, МҰНЫ ДЕРТ ДЕЙМІЗ БЕ, ҚАНША КӨЗ ЖҰМА ҚАРАСАҚ ТА ӨМІРДІҢ МӘНІНЕ АЙНАЛДЫ.

Соның бірден-бір дәлелі «аңқау елге, арамза молда» демекші, кешегі өткен «Каспи жұма» акциясында «Артық төлемсіз бөліп төлейсің» деген тартымды жалауға еліккен 1 млн ел тұрғыны 2 млн-ға жуық тауарды несиеге сатып алған. Бұл дегенің азаматтарға тағы 2 млн қарыз қосылды деген сөз. Сатылым көлемі рекордтық 302 млрд теңгеге құраған. Иә, акция бір қарағанда ұтымды дүние секілді, дегенмен кәсіпкерлер пайызсыз бөліп төлеуге өнімдерінің құнын бірнеше пайызға көтеріп жіберген. Ал біз жеңілдікті жіберіп алмайыншы деп жанталасып, тағы да кредитке басымызды сұқтық. Иә, үкімет те бұл мәселемен күресуде бірақтар жобаларды жүзеге асырмақшы. «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ деректеріне сүйенсек, биыл 1 сәуірдегі жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердегі, микроқаржы ұйымдарындағы және коллекторлық агенттіктердегі баланстағы және баланстан тыс кепілсіз тұтынушылық кредиттер мен микрокредиттер көлемі 2023 жылы 1 тоқсанда 8 трлн теңгеден 8,3 трлн теңгеге дейін, яғни 3,2

пайызға ұлғайған. Қарыз алушы саны 9,3 млн адамға немесе 2,4 пайызға артқан. Қарыз алушылар қатарының артуын байланысты ведомство кейінгі жылдары борыш жүктемесін азайту және тұтынушылық кредит беру тәуекелдерін барынша азайту үшін іс-шаралар кешенін іске асыруды қолға алды. Нақтырақ тоқталсақ, 2020 жылы 1 қаңтардан бастап төлем мерзімі 90 күн өткеннен кейін жеке тұлғалардың барлық кепілсіз тұтынушылық кредиттері мен микрокредиттері бойынша айыпақыны және комиссияларды есептеуге заңнамалық тыйым салынған. Проблемалық тұтынушылық кредиттердің шамадан тыс өсуіне жол бермеу үшін пруденциалық реттеу шаралары күшейтіліп, қарыз алушылардың борыш жүктемесінің өсуін шектеу мақсатында тұтынушылық кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін реттеу жөнінде іс-шаралар қабылданған. Сонымен қатар қиын жағдайға тап болған проблемалық қарыз алушыларға қолдау көрсету үшін олар-

дың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және кредиторлар алдында қабылданған міндеттемелерді уақытылы орындауды жалғастыру мақсатында 2021 жылы қазан айынан бастап екінші деңгейдегі банктердің және микроқаржы ұйымдарының мерзімі өткен қарызды қайта құрылымдауға қарыз алушылардың өтініштерін қарауының міндетті рәсімін кездейтін проблемалық берешекті сотқа дейінгі реттеудің бірыңғай тәртібі енгізілген. Мұнан басқа екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдарынан проблемалық кредиттер мен жеке тұлғалардың микрокредиттерін азайту жөніндегі жеке жоспарлар талап етілген. Агенттік сонымен қатар тұтынушылық кепілсіз микрокредиттердің шамадан тыс өсуіне жол бермеу, сондай-ақ қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін бірақтар түзеулерді қабылдауды қолға алды. Мәселен, екінші деңгейдегі банктердің және микроқаржы ұйымдарының 90 күннен аса төлем мерзімін кешіктірген жеке тұлғаларға кредиттер



мен микрокредиттер беруіне тыйым салу, мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап 18 ай ішінде проблемалық берешекті реттеуді жүргізбеген жеке тұлғалардың кредиторларға сатуға тыйым салуды енгізу секілді ұсыныстар бар. Сондай-ақ коллекторлық агенттіктердің өздері сатып алған жеке тұлғалардың кредиттері бойынша проблемалық берешекті реттеу рәсімдерін жүзеге асыру міндетін белгілеу, қарыз алушылармен және олардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде олар қолдана алмайтын жосықсыз әрекеттерді бекіту арқылы коллекторлық агенттіктер қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру жұмыстары да қарастырылатын болады. Бұл ретте қарыз алушының уақыт шығындарын және коллекторлық агенттіктердің қаржылық шығындарын қысқарту мақсатында қа-

рыз алушымен немесе оның өкілімен байланыс кезінде коллекторлық қызметкерлер ұсынатын ақпарат тізбесі оңайландырылады. – 2021 жылы 1 қаңтардан бастап микроқаржыландыру нарығының барлық субъектісі қаржы ұйымдарына жатқызылды. Қазіргі уақытта микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу және бақылау «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» заңға сәйкес жоспарлы, жоспардан тыс және құжаттамалық тексерулер нысанында жүргізіледі. «Микроқаржылық қызмет туралы» заңның ережелерінде ұйымдардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету және қаржы алушының тұтынушылардың мүдделерін қорғау үшін белгіленетін пруденциалық нормативтердің толық тізбесі айқын-

далған. Ұйымдардың қызметін бақылауды күшейту және жедел ықпал ету мақсатында микроқаржы ұйымдарының қызметін қашықтан қадағалау нысанын жүргізу және микроқаржы нарығының субъектілеріне қатысты қосымша пруденциалық нормативтерді белгілеу жөніндегі уәкілетті органның құзыретін басқа қаржы ұйымдарын реттеуге ұқсас толықтыру ұсынылады, – делінген агенттік ұсынысында. Иә, қарыз азаймай жағдай жақсармайтыны анық. Өкінішке орай ел азаматтары қарыз үстіне қарыз алып, берешекке белшесінен батып жатыр. Сондықтан ысырапшылдыққа жол бермей, несие алатын уақытта мақсатымызды айқындап, саралап барып, қарыз алғанымыз жақ.

Жандос ЖАЗКЕН

Тарих

Кариб дағдарысы жайлы не білеміз?

ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ 80 ЖЫЛДАРЫНЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНАН БАСТАУ АЛҒАН КЕҢЕСТІК АЛЫП ИМПЕРИЯНЫҢ БАСШЫСЫ М.С.ГОРБАЧЕВТЫҢ «ҚАЙТА ҚҰРУ – ДЕМОКРАТИЯ МЕН ЖАРИЯЛЫҚ» САЯСАТТЫ ЖАСЫРАТЫНЫ ЖОҚ, ТОМАҒАСЫ ТҰЙЫҚ, БІЗДІҢ ҚОҒАМҒА КӨПТЕГЕН ӨЗГЕРІСТЕР ӘКЕЛДІ. СОНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ДҮНИЕНІ ДҮР СІЛКІНДІРГЕН ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТА ГЕРМАН ФАШИЗМІ ШАҢЫРАҒЫН ШАЙҚАЛТА АЛМАҒАН АЛЫП МЕМЛЕКЕТТІҢ ІРГЕСІ ШАЙҚАЛЫП, 90 ЖЫЛДАРЫ ҚАБЫРҒАЛАРЫ СӨГІЛІП, ОДАҚТЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН БІРНеше РЕСПУБЛИКА ТӘУЕЛСІЗ ЕЛГЕ АЙНАЛДЫ.

Кезінде орақ пен балғаның одағынан тұратын, кеңестік төлқатпен мақтанатын небір азаматтар қамшының сабындай қысқа өміріндегі басынан кешкен оқиғасын айта алмай, жақтары қарысып, бұл дүниеден өтіп кеткенін де жақсы білеміз. Өткен ғасыр ғылым мен техниканың, космостың заманы болумен қатар адам баласын қайғы-қасіретке ұшыратқан бірінші, екінші дүниежүзілік соғыс, Қазан төңкерісі, бірнеше аймақтық «локальді» соғыс ошақтарын басынан өткізді. Сондай локальді дағдарыстардың күесі болып, аздай-көпті қымдылықтарды басынан кешкен осы жолдардың авторы еді.

Біз жақтағылардың киімдері аспан түстес формасындағы әскерилер екен. Біз өзімізше авиация құрамына келген екенбіз деп жорамалдадық. Бірақ олай болмады. Соғысқа дейін де, кейін де Шауляй, Укмерге, Каунас, Кармилава, Ионнава қалаберді Балтық жағалауындағы шағын республикалардағы аяқ басатын орманды алқаптарында Кеңес әскерлерінің небір түрі орналасып, әскери базаларға айналған екен. Біздің бөлім соғысқа дейін авиация базасы болған. 60 жылдардың басында Кеңес Қарулы Күштерінде стратегиялық мақсаттағы ракеталық-ядролық қарудың өмірге келуіне байланысты осы базалар батыстағы, қалаберді құрлықтың арғы бетіндегі социалистік лагерге қауіп тудыратын одақтастарға қарсы тұратын НАТО-ға соғыс жағдайында алғашқылардың бірі болып, екінші дүниежүзілік соғыс басталған кездегі бейқамдықты болдырмау мақсатты қимылдайтын әскери-ракеталық базаға айналған ядролық қаруды алыс нысандарға қолдана алатын қаһарлы бөлімдер екен.

Қысқаша айтқанда, сол кездегі Литва қылқанжапырақты ормандарының түбіндегі ұшу алаңдарында бір-бірден «қаламсапты» ракеталар тұрған болатын. Кәріқұрлық Еуропадағы түрлі соғыстарды басынан кешірген бұл аймаққа өткен ғасырларда Германия канцлері Бисмарк жорық жасап, Шығысқа стратегиялық маңызы бар елдерді басып алып, небір әскери қорғаныс шептерін, соғыс ошақтарын салған. Халықты да соғыс жағдайына бейімдеп, қалалар да осы мақсатта тұрғызылған. Солардан қалған әскери мақсаттағы салынған Каунас-Клайпеда,



Есеттің №4 санды жүргізуші-монтажшысы ретінде ракетаның басы тиелген «МАЗ-502» келіміңді қарағым түнде арнайы жарық белгілерімен «дененің арбасына» артымен тура апарып тіркеп, 35 минутта монтажды аяқтап, ракета орбитаға шыққаннан 7 минуттан кейін денеден белінетін жарылғыш тетікті схемамен жалғап, іске қосу тікелей менің міндетім болатын. Егер іс жүзінде жүйке беріліп, схеманы жалғаудан жаңылсан, онда сені қатаң жаза күтіп тұр.

Жоғары жақтың тапсырмасымен маусым, ішінде айларында белгілі топтағы ракеталарды Астрахань даласындағы Ахтуба, Капустин-Яр әскери сынақ полигондарында, Солтүстік мұзды мұхит аймағындағы нысаналарға атып, жойып отыратын едік.

Шындығына келгенде, ұзындығы 4,8 метр, ені 2,2 метр, салмағы 1,2 тонна ядролық ракетаның тұмсығын елде өзін айдаған «ГАЗ-51» келігіне тиіп алып жүргеніммен, оның құдыреті Мәскеуден бастап, Литва ормандығы бізді де үш жыл бойы аяғымыздан тік тұрғызып, жанымызды шүбәрекке түюмен өткізген едік.

Бұл «балаландар» базадағы бетондалған радиациялық бөлшектерді сыртқа жібермейтін, қабырғалары қорғасынмен қапталған, амбарларда құрастырылып, жинақтап, қызмет жасайтын офицерлер болатын. Ал жүргізушілер улы газға қарсы арнаулы киіммен келетімізбен

амбарларға кіріп, «оқтұмсықтарды» тиіп, түсіріп алып жүретінбіз. Жастықтың қызуына масаттанған біз бұл шараларға айтарлықтай мән бермейтін едік, ал оның келешектегі денсаулығымызға қаншаа моншақты зиян екені айтпаса да түсінікті. Жылына, тоқсан сайын реттендік, арнайы медициналық тексеруден өтіп тұратынбыз, шамасы біз де сол кездері сынақ алаңына айналған екенбіз.

Әскери қызметтегі 3 жыл бойы есеп командирі болған аға лейтенант А.П.Носов әскери адамнан мұғалім немесе дәрігерге ұқсас, жүрегі жылы кісі болатын. Әскерге соғыстың соңғы жылының қаңтар айында шақырылып, Прибалтика майданына тап болады. Клайпеда портынан жүгімізді өткізіп келе жатқан кездері өзінің өмірі жайлы, болашаққа деген ой-пікірін ашық айтып отыратын.

Біз – әскери адамбыз, бұйрыққа бағынамыз, ол біздер үшін заң, бұзсаң жазаланасың, ар жағы өзіңе белгілі, – деп мұңын айтатын абзал азамат. – Мен қазір қырықтың үстіне шықтым, қайратымның асып-тасытын кезі, ал мен алпыстан асқан шал секілдімін. «Қызметтің» түрі мынау, ал радиацияның түрі анау. Бізді қойшы, бізбен бірге жүрген жас солдаттарды, сендерді аяймын. Амал қанша, біз үлкен механизмнің ағаш оғымыз ғой. Тірі жүрсем, үш жылдан кейін әскерден босап, Волгадағы еліме кетемін, азаматтық өмірімің қызықты, тыныш өткізем екен, – деп армандайтын командирім Александр Петрович. Кариб теңізі дағдарысы кезінде Отанымыздың қаһарлы қаруын ел тыныштығы үшін дайындық сабына қойып, «Капустин-Яр» полигонда мемлекеттік сынақтан «өте жақсы» деген баға алып, өзім 33 жыл қатарында болған коммунистік партия қабылданып, сол жерден елдегі ата-анам алғыс хат жолдағаны, қысқа мерзімге ауылға демалысқа рұқсат алғаным командирім Александр Петровичке кезекті капитан шені берілуі, біз үшін қуанышты шақтар болып еді. Аз да болса қолтаңбамыз қалған Кеңестің қаһарлы қаруы Куба еліндегі саяси-әскери дағдарысты бейбіт жолмен шешуге ықпал жасады.

Рысбай КӘРІМОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-56 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет редакциясының компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2840 Тапсырыс № 1318 Кезекті редактор: Ақтоғы БҮРКІТБАЙ